21359825626

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

03 шілде 2024 жыл №2713-24-00-2/920 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Р.Есжанов,
сот мәжілісінің хатшысы А.Искалиева,
прокурор А.Нурмуханов,
ашық сот отырысында, аудио,-бейне жазба құралын қолдану арқылы, азаматтық істі қарады

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Каминова Арзгуль Тургановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Калдыбаев С.С.

<u>СИПАТТАУБӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 05 ақпанда «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – тапсырыс беруші, талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер Каминова Арзгуль Тургановна (бұдан әрі – өнім беруші, жауапкер) арасында №35-ЗЦП тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарт талаптарына сәйкес, жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 5 наурызға дейін талап қоюшыға 500 дана қуат беру блогын, 150 дана жарық диодты шам, 40 дана

тоқтетік, 4 дана сөндіргіш, 30 дана бір пернелі сөндіргіш, 100 дана жарықдиодты панель, 7 дана автоматтық сөндіргіш жеткізуге, ал талап қоюшы тауарды қабылдауға және ол үшін төлем жүргізуге міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші тауарды толық жеткізбеген, атап айтқанда 100 дана жарықдиодты панель жеткізбей, шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған. Сондықтан, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 8 800 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюға пікір ұсынған жоқ, істің қаралатын орны мен уақыты туралы тиісінше хабардар етілгенмен, сот отырысына қатысқан жоқ, соған байланысты Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабына сәйкес сот істі оның қатысуынсыз қарауға ұйғарым етті.

Прокурор талапты толығымен қанағаттандыруды сұрады.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359-бабының 1, 2-бөліктеріне сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді.

Сонымен бірге, «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 03.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.08.2024, судья Есжанов С. Р., 09.08.2024
2713-24-3-1/957

құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет.

Бұл ретте жауапкер шарттың талаптарын бұзған, белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке толық сәйкес келетін айтқанда 100 дана жарықдиодты панель тауарын жеткізбеген, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір жағымсыз салдардың басталуына әкелген.

Сот, шартқа және жауапкердің әрекетіне заңды баға бере отырып, жеке кәсіпкер шартқа қол қою кезінде, тауардың атауын, оның нақты техникалық сипаттамасы мен құнын, оның орындау мерзімдері мен тәртібін білген деп есептейді, сондай-ақ міндеттемелерді тиісті немесе тиісінше орындамау салдарын да білген, бұл жауапкер үшін кәсіпкерлік тәуекел болып саналады.

Жауапкер міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны үшін, талап қоюшы 15.03.2024 жылы хабарлама жолдау арқылы 30.03.2024 жылы шартты біржақты тәртіпте бұзған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

АПК-нің 72-73-баптарына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс.

Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді ұсынады. Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Жауапкердің кінәсін теріске шығаратын дәлелдемелер сотқа ұсынылған жоқ.

Өз кезегінде, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануы жауапкердің әрекетшілдігін толық уақытша тоқтату түріндегі салдарларға әкеп соқпайтындығын және тек мемлекеттік сатып алу саласында ғана белгілі бір шектеулерді қолдануды көздейтіндігін көрсетеді.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Дәлелдемелер мен іс мән-жайларының жиынтығына сүйеніп, талап қоюшы Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну мерзімін сақтағанын ескеріп, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіздердің толық тізбесі заңмен реттелгенін

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 03.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 06.08.2024, судья Есжанов С. Р., 09.08.2024
2713-24-3-1/957

назарға алып, сот, талап қоюдың жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігін негізде деп есептейді.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағы бойынша, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Жауапкер міндеттемелерін шартта көзделген мерзімде орындаған жоқ, орындауға кедергі келтіретін дәлелді себептер немесе басқа да мән-жайлардың орын алғаны жөнінде дәлелдемелер сотқа ұсынған жоқ.

Мұндай жағдайларда, АК-тің 298-бабы негізінде талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қанағаттандырылуға жатады.

ҚР АПК-нің 109,117-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден мемлекеттік бж өндірілуі тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Каминова Арзгуль Тургановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Каминова Арзгуль Тургановнадан талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокешені» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 8 800 (сегіз мың сегіз жүз) теңге және мемлекеттік баж 264 (екі жүз алпыс төрт) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 03.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2024, судья Есжанов С. Р., 09.08.2024

Жеке кәсіпкер Каминова Арзгуль Тургановнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне, шешім түпкілікті дайындалған күннен бастап, бір ай мерзімде, Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есжанов С.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 03.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.08.2024, судья Есжанов С. Р., 09.08.2024

2713-24-3-1/957